

жазалау мекемесі құжаттарды жасауда, сақтауда өзінің алдына қойған мақсат - міндеттерін орындауды талап етті. Осылайша, сталиндік кезеңде деректерді жасауда арнайы тапсырманы орындауға мәжбүрледі. Дегенменен, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында сан - қырлы ізденістермен деректанулық сын жасауға болады. Бұл тұста құжаттардың жетіспеушілігі, мемлекеттік мекемелер мәліметтері кеңестік идеологияның бағытын ұстанғанын да ескеру керек.

Кеңестік құжаттарды зерттеу методологиясы бізге көп мәселелерді ашуға көмектеседі. Оның ішінде, мемлекеттік мекемелер құжаттарын талдау бүкіл кеңес деректерін анықтауға мүмкіндік береді. Ал кеңес деректері Отан тарихының қазіргі заман кезеңінің үлкен бөлігін қамтиды.

Список литературы

1. Козлов В.П. Основы теоретической и прикладной археологии. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2008. – 224 с., 36 б.
2. Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 1995. – 43 б., 3 б.
3. Смоленский Н.И. Теория и методология истории. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 272 с., 142, 160 бб.
4. Источниковедение XX столетия. Тезисы докладов и сообщений. – М.: РГГУ, 1993. – 215 с.; Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории: Учебное пособие / И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. – М.: РГГУ, 1998. – 702 с.
5. Шмидт С.О. Путь историка. Избранные труды по источниковедению и историографии. – М.: Российск. гос. гуманит. ун-т, 1997. – 612 с., 612 б.
6. Источниковедение истории СССР (под. ред. И.Д. Ковальченко). – М.: Высшая школа, 1981. – 496 с., 15 б.
7. Литвин А. Следственные дела как исторический источник // Эхо веков. – 1995. – май. – С.170-175., 170 б.
8. Нұрпейісов К., Әбжанов Х. 51 жылдың ызғарлы күзі // Қазақстан коммунисті. – 1991. – №3. – 51-61 бб.

ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТАРИХИ ТАНЫМ

Алтайы Иранбекқызы Оразбаева

Тарих ғылымдарының докторы, профессоры
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы

*Сан-Данышпан – Жандар өткен,
Ата-Текті – Ақ-Сүйек!
Иен-Жұртына – Бағдар еткен:
Тартқызбауды – Тақсырет!
Хандар өткен – небір Дана,
Алтын-Тақты – Бақ-Талан!
Нәтижесі – Өмір-Нама:
«Шұбырынды-Ақтабан»!*

Иран-Файып

Қазақ атты халықтың ұлттық мемлекетінің, яки қазақ хандығының бес жарым ғасырлық мерейтойының мемлекеттік деңгейде аталып өтуі, қай жағынан алып қарастырсаңыз да: адами, азаматтық болсын, әлеуметтік мәдени, саяси экономикалық, жандық деңгейде болсын, бүгінгі түрлі түске боялған, алмағайып заманда ең алдымен,

әрбір қазақтың ұлттық, мәдени, өркениеттік парадигмалық парқын қанағаттандырар, оның заманауи дүниетанымына әсерлі себін тигізер іс-шара екені даусыз.

Десек те, аталмыш шараны ұлттық мемлекеттілігіміздің ғұмырын 550 жыл шеңберіне сиғызып, қысқа қайырып, сонау замандарда негізі қаланған атамұрасын аяқастына айналдыру деп түсінбей, керісінше, ұлттық мемлекет ұғымы үшін бұл мерзімдік шеңбердің аз еместігін түйсіне отырып, кеңірек ойлап, қазаққа тән қоңыр мінезге салып, алыстан бойлап, төл тарихымыздың тағылымын жаңа алдыңғы қатарлы ілімдік-әдіснамалық ұстанымдар мен тарихи таным аясында, пәнаралық деңгейде жан-жақты аспектілерді қамти отыра, бүгінгі өркениетіміздің жасампазы болып табылар жас ұрпағымыздың ұлттық сана сезімін оятып, қанаттандырардай зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Заманауи геоғылым шеңберінде ұлттық мемлекеттілік жөнінде сөз қозғалар тұста, санамызда үйреншікті түрде елестей бастайтын мемлекеттік басқару аспаптары мен мемлекеттік аппарат немесе мемлекеттің саяси-құқықтық негіздері емес, ең алдымен, саяси мәдениеттің қалыптасу генезисі мен эволюциясы, мемлекет пен адам арақатынасынан туындайтын өзара әрекеттер логикасы мен стратегиясы, билік феноменінің табиғаты мен сан қырлы аспектілеріне назар аударылуы шарт.

Осы жерде Адамның мемлекетке қатыстылығы жөнінде Гегельдің сөзін келтіре кетер болсақ: «Государство, его законы, его учреждения суть права составляющих государство индивидуумов; его природа, почва, горы, воздух и воды суть их страна, их отечество, их внешнее достояние; история этого государства; их деяния и то, что совершили их предки, принадлежат им и живут в их воспоминании. Все в государстве их достояние, точно также, как и они принадлежат ему, так как оно составляет их субстанцию, их бытие...» [1, 50]. Демек, қазіргі таңда ұлттық мемлекеттілік танымна терең бойлау қай-қайсымыздың болмасын адами да азаматтық сана-сезімімізді қанағаттандырады хақ.

Жалпы алғанда, мемлекетке қарағанда, мемлекеттілік деген ұғымның ауқымы зор және оны қандай да болмасын анықтамаға бағындыру мүмкін емес. Себебі, мемлекеттілік «жүйе жүйесі» [2, 16] ретінде бағалана алынар, үнемі даму үдерісіндегі белгілі бір аумақта әр түрлі кезеңдерде қалыптасқан мемлекеттер тарихы немесе мемлекетті-ұйымдасқан қоғам ғұмыры іспеттес.

Мемлекеттілікті өзіндік ұлттық-рухани табиғаты және ұлттық-мәдени бағыт-бағдары бар, белгілі бір әлеуметтік құндылықтар мен билік тәжірбиесіне шоғырланған мәңгілік контекст ретінде қарастыруға болады. Мәселен, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан тарихын баяндауда біз тек қазақ хандығымен шектеле алмайтындығымыз айдан анық. Өркениетіміздің өзегіне айналған сақ-ғұндардың көшпелі мемлекеттері, түркілер мен монғол дәуірлеріндегі, қазақ хандығы тұсындағы билік дәстүрлері, Мөде шанью, Бумын, Істемі қағандар, Есім-Қасым-Тәуке-Абылай-Кенесары хандардың мемлекеттік-құқықтық реформалары мен тарихи тағылымы ұлттық мемлекеттілігіміздің басты нышаны болып табылады.

Ұлттық мемлекеттілік тарихын зерттеу барысында біз алдымен, мемлекеттік жүйелер мен институттардың пайда болуы, гүлденуі, құлдырауы сияқты құбылыстардың табиғатының мәнін және себептерін ашуға;

Екіншіден, мемлекеттіліктің геосаяси, саяси-құқықтық, әлеуметтік мәдени аспектілерін, сондай-ақ қазақ халқының саяси мәдениетінің қалыптасуы және дамуындағы тарихи тұлғалардың рөлін тұлғатанулық тұрғыдан сомдауға;

Үшіншіден, Қазақстан Республикасы аумағындағы мемлекеттік құрылымдардың (биліктің, басқару органдары мен оның тетіктері, идеология және т.б.) өзара әрекет-тестіктерін және өзара шарттылықтарын қарастыруымыз қажет.

Қазақ хандығы, ендеше қазақтың ұлттық мемлекеттілігі - Еуразияның апайтөс даласында сонау сақ, ғұн, түркілерден бастау алатын билік және мемлекеттік институттар, шаруашылық және экономикалық үрдіс, дәстүрлі әлеуметтік құрылымдар және

мәдени жалғастылық арқылы табиғи әрі тарихи заңдылық негізінде қалыптасқан айрықша қоғамдық-саяси құбылыс (феномен). Өз кезегінде мұндай құбылыстың іргетасын бірнеше факторлар құраған:

біріншіден, этникалық тегі бір ұлыстарға ортақ территория;
екіншіден, тамыры бір өркениеттерге ортақ тіл және діл, дәстүр;
үшіншіден, әскери демократияға арқа сүйеген қауымдарға ортақ қоғамдық-саяси құрылым (әскери демократия);
төртіншіден, барша көшпелі қауымға өзек әлеуметтік жүйе;
бесіншіден, барлық көшпелі қоғамдарға ортақ мәдени және рухани құндылықтар.

Бұл ретте ескере кетер жәйт, ұлттық мемлекеттілігіміздің тарихын тек саяси мәдениет қалыптастыру аясымен шектемей, оның төмендегідей құрамдас бөліктерін қатар қамтыған жөн:

Геосаяси аспект шеңберінде қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының геосаяси және табиғи-климаттық факторларын, мемлекеттіліктің өркениеттік кеңістік мәселелерін, ұлттық мемлекеттілік дәстүрлерін, ұлттық мемлекеттіліктің әмбебап өлшемдері мен ерекшеліктерін зерттеу қажет болса;

Сыртқы саяси аспект аясында, көшпелі өркениет және соғыс, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы әскери фактор, Қазақстан аумағындағы негізгі соғыстар мен әскери қақтығыстар, Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің дипломатия тарихы, Қазақстан шекарасын делимитациялау мәселелеріне зерттеулер жүргізілуі шарт;

Қазақстан территориясындағы құқықтық Ережелердің эволюциясы мен «Ясы»-«Біліг»-«Жеті жарғы» сияқты саяси-құқықтық нормалардың өзара тарихи сабақтастығы, оларға ішінара салыстырмалы-теңестірмелі талдау ұлттық мемлекеттіліктің заңдылық аспектісіне тиесілі қарастырыла алады;

Қазақ даласында билік пен билеуші арақатынасын реттеуде ар-ождан, абырой, патриотизм, намыс, бабалар рухы сияқты кейбір категориялар мен «жақсылық пен жамандықтың, тектілік пен тексіздіктің, көрегендік пен көргенсіздіктің, әділеттілік пен әділетсіздіктің арасын айыра білу» қағидаттары көшпелілердің мемлекеттік-құқықтық тұжырымдамасының қайнар көзі, олардың гуманистік ұстанымы болып табылды. «Билік қазақ қоғамында ешқашан басты құндылықтар мен, асыл мұраттар деп есептелген емес. Ең басты құндылықтар, айнымас асыл мұраттар деп қазақ жұрты ар, ұят, намыс, имандылық пен әдептілік қасиеттерін атайды. Билікке ұмтыламын деп бойындағы адамгершілік қасиеттерден айырылып қалма деп уағыздайтын ел даналығы» [3, 166.]

Және соңғы, мемлекеттіліктің антропологиялық өлшемдерін зерделеуші әлеуметтік мәдени аспект, мемлекеттілік эволюциясындағы тарихи тұлғаның рөлі, ұлттық мемлекеттілік тарихындағы реформалар мен реформаторлар және т.б. ілімдік-әдістемелік тұрғыдағы мәселелерді қамтиды. Айталық, «Мемлекетті құтқару үшін бір ұлы адам да жеткілікті», - деген дана сөз бар. Бұл ретте Қазақ мемлекеттілігінің уығын шанышып, шаңырағын көтеріп, керегесін керген Керей мен Жәнібек хандардың ел мен жер үшін, хандық пен халық үшін барын да, арын да, жанын да сала сіңірген еңбектері өлшеусіз өнеге.

Қай уақыт, қай заман, қай дәуір, бір мемлекетті екі адам биледі деген жәйт өте сирек, жоқ десе де болады, егер ежелгі Римдегі дуумвират жағдайларын есепке алмасак. Алайда, Керей мен Жәнібектің кісіліктері де, кемеңгерліктері де сол – бірі бірінің хақын хаттап отырмай, халқының келер жолынан бағыштауға бірауыздан мойын ұсынағандығы. Сол себепті қазіргі ұрпақ бұл тарихи тұлғаларды, бірі екіншісінің ізін аңдыған бақталастар емес, ең бастысы халқының дербестік, елдік, ерлік тәрізді асқақ арман-мұратын жеке қара басының қамынан ләйім жоғары қоя білген қайраткер ретінде тануы қажет.

Тағы бір ерекше назар аударуды, өзіне қатысты асқан дәлдік пен терең зерттеуді талап етер мәселе - дәстүрлі билік атаулыны қазақ халыққа алдымен, құдайдан қонған құт,-деп, адами әділеттілік пен санаға қашалған заңдылыққа сүйенген» [4, 118] Үштаған ретінде қабылдау үрдісі, меритократия мен геронтоқратия қағидаттары, қазақ жүздері феномені, ұлттық мемлекеттігіміздің қазығы ретінде қаланған Дала демократиясының би, батыр, жыраулар дәстүр-институттары; қазақ мемлекеттілігінің әлеуметтік мәдени табиғаты мен өзіндік өлшемдері.

Айталық, бүгін «трендтік» әдіснамаға айналып келе жатқан күнделікті өмір тарихы ұстанымы шеңберінде қазақ мемлекеттілігінің түрлі даму кезеңдеріне берілген сипаттамаларда өмір сапасының, «адамдық өлшемнің» критерийлері бойынша ненің және қашан тиімді де пайдалы болғаны, және керісінше ненің қате, зиянды болып, тығырыққа тірегенін, шешілмейтін қарама-қайшылықтарды, қақтығыстарды тудырып отырғаны туралы ғылыми пайымдаулар жасауға мүмкіншілік туғызары сөзсіз.

Мысалыға, дәстүрлі қазақ қоғамында билік институттарының мақсаты басқару емес, көшпелі социум мүдделерін қорғау және күллі ұлыстың бүтіндігін сақтау болды, әрбір жеке адам билік органдары тарапынан қорғаудың үш деңгейлі жүйесін пайдалана алды: мемлекеттік дәрежеде халық мүддесін қорғауға тиесілі хандар, тайпалар мен жүздер деңгейінде билер және рулық деңгейде ақсақалдар жауаптылығы және кепілділігі жүрді.

Көшпелі қоғамға тән вертикалды әлеуметтік стратификация ерекшелігі, оның (геоәлеуметтік организмдер немесе отырықшыларға тән) жабық емес, сын көтерер, ашық демократиялық, сыртқы орта жағдайларына қарай оңай икемделе алатын "әлеуметтік әділеттілік", адамгершілікке негізделген, шежірелік қағидаға құралған өзіндік потестарлық-саяси жүйе болуында. Ал оған тиесілі Дала демократиясының шынайы көрсеткіші ретінде қоғамның кез келген мүшесінің әлеуметтік сатымен кедергісіз жоғарылау мүмкіншілігіне, оның «Алтын руға» қатынастылығы емес, ең алдымен, рақымшылдығы, ақылы, тартымдылығы, әділеттілігі, ерлігі, игілігі мен саналылығы жайлы алдымен, қоғамдық пікірдің мойындалуы фактісін алға тарта аламыз.

Осы тұста ауызша тарих айту дәстүрлерінен үзінді келтіре кетсек,

Ай хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің.

Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып, қызып терлейсің,

Өзіңнен басқа хан жоқтай

Елеуреп неге сөйлейсің..., - деген, Асан Қайғы мен

Хан емессің, қасқырсың

Қара албасты басқырсың..., - деген арғысы Марқасқа жыраулар мен бергісі Махамбет ақын [5, 24-56] заманы әрине, қазақ даласына тән мемлекеттілік формуласын түйсіну әрі арнайы түсіндіруді талап етеді

Қорытындылай келе, ұлттық тарихымыздың қасиеті - тереңде, құпиясы - тұңғыықта. Сол себепті қазіргі заманда зерттеп қана қою аз, зерделей білу керек демекпін.

Әдебиеттер тізімі

1. Гегель. 14 томдық шығарма. Т. 8. Тарих философиясы. М.; 1935. – 50 б.
2. Затонский В.А. Эффективная государственность/Под ред. А.В.Малько. – М.:Юристъ, 2006. – 286 с.
3. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. Құраст. З.Кенжалиев және т.б. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 208 б.
4. СадриМаксуди Арсал. Тюркская история и право. Пер. с тур.яз. Рафаэля Мухамметдинова. Казань: Фэн, 2002.
5. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б.